

**Қазақстан Республикасы Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі
Мемлекеттік материалдық резервтер комитетінің мемлекеттік материалдық
резервтің материалдық құндылықтарын шығару (жаңарту және броньнан
шығару тәртібімен) жөніндегі тендерлік комиссия отырысының
ХАТТАМАСЫ**

**Астана қаласы
Янушкевич көшесі, 2**

**30.11.2017 ж.
сағ.: 11:00**

Тендерлік комиссия құрамы: С.К. Сабырбаева - Қазақстан Республикасы Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Мемлекеттік материалдық резервтер комитеті (бұдан әрі – ММРК) төрағасының орынбасары, комиссия төрағасы.

Комиссия мүшелері: Б. Ә. Орынбеков – ММРК төрағасының орынбасары, тендерлік комиссия төрағасының орынбасары, М. Ж. Әжіғұлова - ММРК Экономика және қаржы басқармасының басшысы, М.С. Шәкірбаев - ММРК Заң басқармасының басшысы, М.Н. Рахаев - ММРК Мемлекеттік материалдық резервті қалыптастыру және шығару басқарма басшысының м.а., Т.А. Қалқаманов - ММРК «Резерв» РМК Бас директорының м.а., Ж. Т. Баякова – ММРК Мемлекеттік материалдық резервті қалыптастыру және шығару басқармасының сарапшысы, тендерлік комиссиясының хатшысы.

(Қатыспағандар: Н.М. Иманбаев - ММРК Мемлекеттік резервті есепке алу және бақылау басқармасының басшысы – еңбек демалысында (2017 жылғы 09 қарашадағы №78-о бұйрығы), Б.Қ. Ахметов – ММРК Жұмылдыру резервін есепке алу және бақылау басқармасының басшысы – іс-сапарда, 2017 жылғы 20 қарашадағы №38-і бұйрығы).

Күн тәртібі:

1. Мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарының тізбесіндегі №1541- 1567, №1568-1722, №1723-1762, №1763-1819, №1820-1822, №1824-1880, №1881-2066, №2091-2122 лоттар бойынша кесімді бағасын Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 17 қазандағы № 1108 қаулысымен бекітілген Жаңарту және броньнан шығару тәртібімен мемлекеттік материалдық резервтен материалдық құндылықтарды шығару қағидаларының 41,42-тармақтарына сәйкес кезең-кезеңімен 10 % төмендету (бұдан әрі – Қағидалар).

Тендер 2017 жылғы 23 қарашадағы мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын шығару жөніндегі тендерлік комиссия отырысының хаттамасымен бекітілген 2017 жылғы жаңарту және броньнан шығару тәртібімен шығарылатын мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарының тізбесіне сәйкес өткізілді.

Тендерлік комиссия күн тәртібі бойынша сұрақты қарап, Қағидалардың 41,42 тармақтарына сәйкес ашық дауыс беру арқылы
ШЕШТІ:

№1541-1567, №1568-1722, №1723-1762, №1763-1819, №1820-1822, №1824-1880, №1881-2066, №2091-2122 лоттар бойынша материалдық құндылықтардың кесімді бағасын 10 % төмендетілсін.

Осы аталған шешімге:

тендерлік комиссияның 6 мүшесі - «қолдаймын»,

тендерлік комиссияның 0 мүшесі - «қарсымын» деп дауыс берді.

2017 жылғы 30 қарашадағы өзгерістерді есепке ала отырып 2017 жылғы жаңарту және броньнан шығару тәртібімен шығарылатын мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарының тізбесі тендер ұйымдастырушының Интернет-ресурсында (www.kgmr.gov.kz) жариялансын.

Тендерлік комиссия отырысында бейне жазба жүргізілді (қоса берілді).

Тендерлік комиссия отырысы 2017 жылғы 30 қарашадағы сағат 11.05-де жабылды деп есептелсін.

Қосымша: 2017 жылғы 30 қарашадағы өзгерістер есебімен 2017 жылғы жаңарту және броньнан шығару тәртібімен шығарылатын мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарының тізбесі, ___ бетте.

Комиссия төрағасы:

Сабырбаева С.К.



Комиссия мүшелері:


Орынбеков Б. Ә.



Шәкірбаев М.С.



Рахаев М.Н.



Әжіғұлова М.Ж.



Қалқаманов Т.А.



Комиссия хатшысы:

Баякова Ж.Т.

